

Жайық таңы

Ауданымызда жүзеге асырылып жатқан «Сәтимола» кен орны негізіндегі калий тұздарын өндіру және байыту өндірістік кешені өңір экономикасын түбегейлі өзгертуі мүмкін ірі индустриялық жоба ретінде бағаланып отыр. Өткен аптада аудан әкімі Мұрат Сердалин Базаршолан ауылдық округінің аумағында орналасқан нысанның басында болып, құрылыс және дайындық жұмыстарымен танысты. Кездесуге ауылдық округ әкімдері мен «Qazaq Kalium LTD» компаниясының өкілдері қатысып, өндірістік кешендегі жұмысты іске асыру бойынша пікір алмасты.



КАЛИЙ ӨНДІРІСІ – Ақжайықтың индустриялық бағыты

Жоба жетекшісі һәм компания өкілі Андрей Нефтің айтуынша, «Сәтимола» кен орнында калий тыңайтқышын өндіретін халықаралық стандарттарға сай жаңа өндірістік кешен салынбақ. Бастапқы жұмыстар қазірдің өзінде қолға алынды. Осынан өндірілетін негізгі өнім хлорлы калий (KCl) толықтай экспортқа бағытталады.

Айта кетейік, аталмыш кен орнында 1960 жылы зерттеу жұмыстары басталды. Базаршолан ауылынан 40, Дендерден 70 шақырым қашықта орналасқан бұл жерде калий қоры 3 млрд. тоннадан асады. Бұл көрсеткіш, сөз жоқ, «Сәтимоланы» әлемдік деңгейдегі сирек шикізат базаларының қатарына қосады.

Жобаны іске асыру үш кезеңнен тұрады. 2027 жылы жылына 1,5 млн. тонна, 2030 жылы 3 млн. тонна, ал 2035 жылға қарай 6 млн. тонна өнім

өндіру көзделген. Өндіріс толық қуатпен жүзеге асқанда, Қазақстан калий нарығында әлемдегі жетекші бес елдің қатарына енуі мүмкін.

Әлемдік нарықта калий тыңайтқышына сұраныс тұрақты өсіп келеді. Қазіргі тұтыну көлемі 78 млн. тонна болса, жыл сайынғы тұтыну қарқынының өсуін ескерген ғалымдар 2035 жылға қарай бұл көрсеткіш 97 млн. тоннаға дейін жетуі мүмкін деп топшылап отыр. Негізгі импорттаушылар қатарында Қытай, АҚШ, Бразилия, Үндістан және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бар.

Жобаның ерекшелігі – жоғары технологиялы өндіріс пен ғылыми-инновациялық бағыттың қатар дамуы. Кен орнында жерасты өндіру әдісі мен флотациялық байыту технологиясы қолданылады. Нысан басында инфрақұрылымдық жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Ең маңызды бағыт – кадрмен қамтамасыз ету. Жоба толық іске қосылғанда, 4000-дай тұрақты жұмыс орны ашылады. Компания өкілінің сөзінше, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға басымдық берілімек. Осы орайда аудан әкімі Мұрат Сердалин аталған мәселе өзінің ерекше назарында екенін атап өтті. Кездесу барысында ол жобаның ауқымын ескере отырып, ең алдымен аудан тұрғындарын жұмыспен қамту, кадр даярлау және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударды. Сонымен қатар, аудан басшысы өндіріс үшін қажетті мамандарды алдын ала даярлау, колледждермен және ауылдық округтермен жүйелі байланыс орнату жобаның табысты жүзеге асуының негізгі кепілі екенін айтты.

Әлия СЕРІКҚЫЗЫ

Ақмола облысында өткен «Дизельді қозғалтқышқа қызмет көрсету» республикалық кәсіби шеберлік байқауында Ақжайық аграрлық-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Айхан Сәрсенбай I орынды иеленді.

Айханның кезекті жеңісі



Айхан Серікұлы – өзі бүгінде еңбек Аетіп жүрген Ақжайық аграрлық-техникалық колледжінің түлегі. Студент кезінде де осындай кәсіби байқауларда топ жарды. Қызметіндегі бес жылдың өзінде жас маман жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, колледждің, сонымен қатар аудан, облыстың да бұл салада мерейін асқақтатты. Айталық, ол 2023 жылы Меркі қаласында өткен халықаралық чемпионатта бас жүлдені жеңіп алған.

Ол дәріс беретін студенттер де кәсіби сайыстарда жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Атап айтқанда, былтыр өткен «Agroskills» чемпионатында шәкірті жүлделі орын иеленсе, биылғы «WorldSkills Oral – 2026» өңірлік чемпионатында I орынға ие болды.

А.Сәрсенбай мен оның шәкірттерінің осындай жетістіктері оқу орнында техникалық және кәсіптік білім беру бағытының жүйелі жолға қойылғанын, сондай-ақ өндірістік оқыту мен тәжірибелік даярлыққа басымдық беріліп отырғанын көрсетеді.

Әсел САҒЫН

2026 жылдың II жартыжылдығына облыс және аудан газеттеріне жазылым бағасы

Басылым атауы	Редакция арқылы		Қазпошта арқылы	
	Жеке тұлға үшін	Заңды тұлға үшін	Жеке тұлға үшін	Заңды тұлға үшін
Жайық таңы	2900	3700	3835,8	4585,76
Орал өңірі	4400	5500	6438,96	7438,96
Приуралье	4400	5500	6379,16	7379,16



Редакция арқылы қашықтан төлем жасау жолы

- 1) WhatsApp арқылы 8-747-385-25-23 нөміріне хабарласып, төлем жасайтыныңызды хабарлау қажет
- 2) Содан кейін сіздің нөміріңізге қашықтан төлем жасауға сілтеме жіберіледі.
- 3) Сол сілтеме арқылы Kaspi немесе Halyk банктің мобильді қосымшасына өтіп, тиісті қаражатты енгізіп, төлем жасайсыз.
- 4) Төленген чекті 8-747-385-25-23 нөміріне жазылушының аты-жөні, жазылған газеттің атауын, ақылы қызмет түрін көрсетіп кері жолдайсыз.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ақжайық аудан әкімдігі «Мерейлі отбасы-2026» ұлттық конкурсының аудандық туры өтетіндігін хабарлайды.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа қатысуға отбасы мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) отбасылар жіберіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінім аудандық комиссияға конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жариялаған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде, қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның кәметке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірмесі;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері;

9) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін отбасылар ұсынған түп нұсқалар негізінде аудандық (қалалық) комиссияның төрағасы куәландырады.

Құжаттар **15 мамыр-15 маусым** аралығында мына мекен жай бойынша қабылданады: Чапаев ауылы, Қонаев көшесі, 68 үй

«Ақжайық ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ
Анықтама телефоны: 8 (71133) 2-01-42

«Ақжайық ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

Акима́т Ақжаикского района сообщает о проведении районного этапа национального конкурса «Мерейлі отбасы-2026».

Национальный конкурс «Мерейлі отбасы» направлен на возрождение нравственных ценностей, популяризацию положительного примера семьи и брака (супружества), а также повышение статуса семьи.

К участию в конкурсе допускаются семьи, члены которых имеют достижения в труде, спорте, творчестве, интеллектуальной и научной деятельности, а также участвуют в общественно полезной деятельности (волонтерство, благотворительность, меценатство, наставничество).

Заявки на участие в конкурсе подаются в районную комиссию в течение 1 месяца со дня официального объявления о начале конкурса в бумажном или электронном виде с приложением следующих документов:

1. копии документов, удостоверяющих личность родителей (опекунов, попечителей), копии свидетельств о рождении детей;

2. для приемных (опекунских) семей — выписка из решения местного уполномоченного органа об установлении опеки (попечительства) над несовершеннолетним ребенком;

3. копия свидетельства о заключении брака;

4. в случае смерти одного из родителей — копия свидетельства о смерти (при наличии);

5. копии документов, подтверждающих наличие наград за воспитание детей, а также наград за определенные достижения;

6. рекомендательные письма от юридических и (или) физических лиц (не менее двух);

7. копии документов, подтверждающих высокие достижения членов семьи в труде, спорте, творчестве, интеллектуальной и научной деятельности;

8. копии документов, подтверждающих участие в общественно полезной деятельности (волонтерство, благотворительность, меценатство, наставничество);

9. согласие на сбор и обработку персональных данных.

Копии представляемых документов заверяются председателем районной (городской) комиссии на основании предоставленных семей оригиналов.

Документы принимаются **с 15 мая по 15 июня** по адресу: с. Чапаево, ул. Кунаева, дом 68.

ГУ «Отдел внутренней политики Бурлинского района»

Телефон для справок: 8 (71136) 91445

ГУ «Отдел внутренней политики Ақжаикского района»

«Ақжайық аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ Қарауылтөбе ауылы маңындағы орман қоры жерлерін елді мекен жерлеріне ауыстыру бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Ұлттық деректер банкі ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> және «Батыс – Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 02.06.2026 ж. мен 29.06.2026 ж. аралығында Ұлттық деректер банкі ақпараттық жүйеде <https://ndbecology.gov.kz/> өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы - «Ақжайық аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ, мекенжайы: Чапаев ауылы, Қонаев көшесі, 70. Байланыс телефондары: 8 (71136) 91-3-03, 92-3-93.

Порталға сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – “Батыс – Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, телефоны 8/7112/24-41-11, 24-41-06.

ГУ «Аюжаикский районный отдел архитектуры, градостроительства и строительства» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений для Перевод земель лесного фонда возле с.Карауылтөбе на земли населенного пункта.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе Национальный банк данных о состоянии окружающей среды <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайт «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по ЗКО» <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Публичные обсуждения состоятся с 02.06.2026 г. по 29.06.2026 г. на информационной системе Национальный банк данных о состоянии окружающей среды <https://ndbecology.gov.kz/>.

Все замечания и предложения принимаются в эти дни на информационной системе. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор – ГУ «Ақжаикский районный отдел архитектуры, градостроительства и строительства» по адресу: с. Чапаево, ул. Кунаева, 70. Контактные телефоны: 8(71136) 91-3-03, 92-3-93.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по ЗКО», телефон 8/7112/24-41-11, 24-41-06.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 15 қарашасында сағат 19:00 шамасында Орал-Атырау тас жолының 141 шақырымында (10.09.1987 ж.т. Алтынбек Куандықович Бимукановтың басқаруындағы мемлекеттік белгісі 559 АВХ 04 Лада Гранта маркалы автокөлігі) сиыр малының соқтығысуымен болған жол көлік оқиғасы тіркелді. Жол-көлік оқиғасы болған жерден табылған 2 бас ірі қара малы 2025 жылдың 20 қарашасында айыппұл тұрағына қамалды. Сиырлардың құлақтарына «31», «32» нөмірлі көк сырға тағылған.

Жол-көлік оқиғасы тіркелген Мерген ауылдық округі аумағындағы Мерген, Мойылды, Жолап, Ақбала қыстағы, Жайық, Қабыл елді мекендеріне WhatsApp желісіндегі ауыл тұрғындарының топтарына ірі қаралардың суретін салып, мал иесі іздестірілетіні туралы хабарламалар таратылды. Мерген ауылдық округ әкімшілігі іздестіру жұмыстары жүргізілгенімен, күні бүгінге дейін малдың иесі анықталмағанын хабарлайды.

Мерген ауылдық округ әкімшілігі

Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

«Жайық Пресс» ЖШС
Ақжайық аудандық
«Жайық таңы»
қоғамдық-саяси газетінің
редакторы
Әлия ШАРАПИЕВА

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті «Жайық
таңы» газетіне берген куәлік нөмірі 12258-Г,
берілген күні 19.01.2012 жыл.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі
редакцияның түпкілікті көзқарасы болып
есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді, оны қайтармайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы,
Ихсанов көшесі, 18. Телефондар: Редактор: 92-3-24 (факс); тілшілер:
91-7-56. Біздің электронды поштамыз: E-mail: zhayiktany@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар
ақылы болып есептеледі.

Газет «Жайық Пресс»
медиахолдингіде компьютерлік
әдіспен теріліп, беттелді.
«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында
басылды. Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов
көшесі 9/2.
Тапсырыс: 21
Көлемі 1 баспа табақ.
Газет аптасына 1 рет шығады.
Таралымы: 2653